

ойдан аулақпын. Өйткені, осындай мәнді де маңызды мәселені бір ғана адамның оқу - әдістемелік құралына сыйдыру мүмкін емес.

Дегенмен, мұрағат материалдары, тарихи - педагогикалық көздер негізінде жасалынған жұмыс алдына қойған мақсатын орынды деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан // Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.- Астана, 2007.- 54 б.
- 2.Эл-Фараби. Философиялық трактаттар.- Алматы: ғылым,1973.- 442 б.
- 3.Баласағұн Ж. Құтты білік. // Көне түркі тілінен аударған және алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубаев.-Алматы: Жазушы, 1986.- 617 б.
- 4.Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары.- Алматы: Рауан,1991.- 201 б.
- 5.Уәлиханов Ш. Таңдамалы.- Алматы: Жазушы,1980.- 415 б.
- 6.Құнанбаев А. Шығармалары. 2 томдық.- Алматы: Жазушы,1968.-340 б.
- 7.Байтұрсынов А. Шығармалары:өлеңдер, аудармалар, зерттеулер /құрастырған Шәріпов Ә., Дәуітов С.- Алматы: Жазушы, 1989. – 321 б.
8. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1992.- 112 б.
9. Бөкейханов Ә. Таңдамалы./Бас редакторы Нұрғалиев Р.-Алматы.-1995.- 476 б.
10. Досмұхамедов Х. Аламан.–Алматы: Ана тілі, 1991.- 156 б.
11. Қалиев С.Қ. XV-XIX ғасырлар ақын-жырауларының поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер.- Алматы: 1990.-82 б.
12. Әлсатов Т.М. Қазақ хандығы тұсындағы педагогикалық ойлардың дамуы (XV-XVIII ғ.): Пед. ғыл. док. дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. Автореф. - Алматы, 2000.- 20 б.
13. Жұматаева Ш.Ж. Д.Бабатайұлының тәлім-тәрбиелік идеялары: Пед. ғыл. канд.дәрежесін алу үшін дайындалған дисс.Автореф.- Алматы,1996.- 19 б.
- 14.Мадин М.Б. Қазақстанда совет дәуіріндегі педагогикалық ой-пікірдің дамуы.- Алматы: 1976.- 110 б.

КӘРІМ ТОҚТАБАЕВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ

Ералина А.Е.

А.Байтұрсынов атындағы

Қостанай мемлекеттік университеті, Қостанай қ.

Қазақтың шежірелік зердесінде адам-тарихтың негізгі тұлғасы, адам сапасы-тарихтың қозғаушы күші. Ал тарихи тұлға дегеніміз – жағдайға байланысты және жеке басының сапасына орай танылғандар деп келетін жалпылама анықтама белгілі.

Тұлға және оның тарихтағы орны жайында кезінде толық ашылған жоқ еді, зерттеулер барысында қарастырылса да. Белгілі орыс философы С. Н. Турбецкой XIX ғ. былай деп жазған екен: «анағына келсек, тарихта бәрін жасайтын адам, сол арқылы ғана *идея* асады». Яғни тап күресі мен қоғамдық формациялардың алмасуы емес тұлғалардың ететін аренасы [1]. Мәселе

қоғамдық құбылыстарға тарихи тұлғалардың ететін әсерінің, осыған сәйкес олардың тарихтағы орнын айқындалуында. Бұл орайда ұлы неміс философы Гегельдің айтқанын еске алмай болмайды: «Тарихи тұлғалардың ұлылығы олардың жалған емес, аса қажет те әділ, ұлы дүниені жүзеге асыра білуінде» [2].

«Тұлға қандай қасиеттерімен елден ерек, жұрттан бөлек болуы керек?» деген сұраққа Манаш Қозыбаевтың қайтарған жауабы, негіздемесі жоғарыда айтылған сөзіміздің дұрыстығын көрсетсе керек. «Тұлға – интеллект, ақыл, парасат иесі. Ол өткірлігімен, қажымас, күш-қуатымен, ақыл-парасатымен, әділдігімен, өз мүддесін ұлт мүддесіне ұштастырумен, ұлтжандылығымен ерекшеленген жан. Халық басына күн түсіп, қиын-қыстау заманда туғанда ғана көріпкелдігімен танылады. Ендеше, тұлға-табиғат сыйы, табиғи ортаның туы... Мұндай тұлғалар тарихта күнде тұмайды. Табиғат адам баласына анда-сонда сыйлайды... » деп пайымдап, ой қорытады ғалым. Осы бір сөздердің астарына үңіліп, мазмұның сараласақ, өткен тарих оның дұрыстығын толық дәлелдегендей болады. Қазақ халқының әрбір тарихи кезеңдерінді маңдайына біткен асылдарының өмірі еліне, жеріне көрсеткен қызметі осы нақты көрінісі секілді [3]

Торғай өңірі небір атақты ақын-жазушы, оқымысты-ғалымдар, қоғам қайраткерлері шыққан қадірменді жердің бірі. Олар осы өлкенің экономикасын мен мәдениетің көтеруге, халқын өнер-білімге, сауаттылыққа шақыруға бар күш-жүгерін, еңбегін аямай өткен абзал жандар еді. Жариялылықтың арқасында соңғы екі-үш жылда талай біртұар жайсаңдырымыздың еліне, халқына жасаған орасан зор еңбектері айқындалып, есімдері айтыла бастады.

Халқымыздың бостандық жолындағы қажымас күрескері, әрі ағартушысы Ахмет Байтұрсынұлы мен танымал ақын, қоғам қайраткері Міржақып Дулатұлының қазақ зиялыларына тигізген әсері зор болды. Ондай әсер әсіресе қасиеті Торғай топырағынан шыққан азаматтарға ерекше байқалды. Ақындық қатты сыйлап қадір тұтқандардың бірі, елінен қамқорлығын аямаған Қазақ Автономиялы Республикасының алғашқы халық комиссарларының бірі – Кәрім Досжанұлы Тоқабаев еді. Ал осы торғайлық зиялы азаматтың есімін, еңбегін көпшілік біле бермейді. Бұл кісінің өмірі мен еңбегі, халыққа істеген қамқорлығы жайлы, есімін елге-жұртқа танытуға осы мақала арналады.

Өткен ғасырдың басында Торғайдан шыққан қос арыс Ахаң мен Жақаңның (Ахмет Байтұрсынұлы пен Міржақып Дулатұлының) сенімді серігі болып, ісі алаш мүддесі мақсатында қызмет етіп, өзі де сол жолда құрбан болған Ғабділкәрім Тоқтабаевтың есімі бүгінде ел мақтанышына айналған. Тәуелсіз Қазақстанның өсер ұрпағы Кәрім Тоқтабаевтай ардақты азаматының өскен орта, өмір жолын білуге асық. Ахаң мен Жақаңның рухтас інісінің өмір жолын саралауда аз-кем ізденіс жасап көрелік.

Ғабділкәрім Досжанұлы Тоқтабаев 1892 жылы, қазан айының 15-де Торғай уезінің Шұбалаң болысына қарасты «Бесқопа» бойында дүниеге келеді. Бүгінгі атаумен Қостанай облысы, Жанкелдин ауданының «шеген»

ауылы. «Шеген» ауылына жақын жерде «Тоқтабай қарасуы» аталатын кең өзен иіні бар. Осы иін Тоқтабай әулетінің қыстауы. Кәрімнің әкесі Досжан да, Мұхан да Ыбырай Алтынсарин ашқан Торғай мектебінің алғашқы шәкірттері, елге таңымал болған оқыған азаматтар. Ауылда молданың алдын көрген Кәрім Торғайда негізін Ыбырай Алтынсарин қалаған екі сыныптық орыс-қазақ мектебінде оқиды. Бұдан бұрын бұл мектепте Ахаң мен Жақаң да оқыған. Кәрім Ыбырай мектебінде 1901-1903 жылдары оқиды. Кейіне Қостанайдың қалалық училищесіне оқуға ауысады. 1905-1909 жылдары Орынбордың қазақша жоғары мұғалімдер мектебінде оқып, білім алады. Мектепті білікті ұстаз деңгейінде бітіріп шығады. Бұл училищені кезінде Кәрімнің әкесі Досжан да оқып, бітірген. Мұғалімдік оқуда таңдауына кеңсе берген де әкесі Досжан болса керек[4].

Кәрім ұстаздық жолын елге оралып, Торғайдың болыстық мектебінен бастайды. 1912 жылдан бастап Кәрім өзі оқыған Торғайдағы орыс-қазақ мектебінде математика мен физика пәндерінен сабақ береді. Осы мектепте 1919 жылдың аласапырынан, отты кезеңдеріне дейін ұстаздық етеді.

1902 жылы 10 маусымда өткен сайлаулы адамдардың Шұбалаң болыстық съезінің шешімі бойынша Шұбалаңдық болыстық қауымына Торғай қаласында Орынбор, Уфа губерниялардағы оқу ұқсас орыс сыныбы бар медресе ашуға рұқсат берілді.

1905 жылы 1 қыркүйекте орыс сыныбы бар медресе ашылып, орыс сыныбына 16 жасқа дейінгі 30 ер бала қабылданды.

Осы медреседегі орыс сыныбында 1914 жылдан бастап Ғәбділкәрім Тоқтабаев ұстаздық қызмет етті [5].

Кәрімнің дүние танымына, жан-жақты білімді болып, ой-өрісінің кеңеюіне, өмірдің қиын да соқпақты жолдарынан аман өтуіне, есейе келе жауапты қызмет атқаруына әкесі Досжанның хзор ықпалы тиді.

Досжан кезінде 30 қыркүйектен 1871 жылдан бастап Ы. Алтынсарин мектебінде оқып, білім алған сауатты, көзі ашық адам болған.

Досжан өзінің інілері Досмағұл мен Мұқанды да Ыбырай мектебінде оқытты. Досмағұл кейін Қазанның мұғалімдер семинариясын бітіріп, Қостанай облысының Медіғара ауданына қарасты Боровой, Ақсуат мектептерінде орыс тілінің мұғалімі болып ұзақ жылдар қызмет еткен адам. Досмағұл туралы жазушы, Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген мұғалім, атақты ұстаз Спандияр Көбеев «Орындалған арман» атты романында өзінің осы кісіден дәріс алғанын айтып, ол кісі туралы жылы лебіздер жазған. Досмағұлдан сол төңіректегі көптеген азаматтар оқып білім алған. Соның бірі – А. Д. Сыров деген құрметті ұстаз, орыс тілінің маманы. Ол кісіні мен де көрдім. 1940-1942 жылдары Мендіғара қазақ педучилищесінде оқып жүргенде бізге орыс әдебиетінен сабақ берді.

Досжанның ең кіші інісі Мұқан Орынбор гимназиясын бітіріп, Торғай мектебінде ұстаз болды. Ол кісіден Міржақып Дұлатұлы да дәріс алған екен. Мұқан орыс тілі мен қоса француз тілін де оқып, сөйлей алатын кісі болған көрінеді. Осы Кәрім мен Мұқан Тоқтабаевтар туралы М. Дұлатұлының қызы Гүлнар апай «Ардақтап өтем әкемді» деген естелегінде еске алып кетеді.

1895 жылы 8-шы желтоқсанда №4964 бұйрық бойынша Тосын болысының №6 ауылында Тосын айылдық мектеп ашылады, сонда Мұқан Тоқтабаев Орынбор гимназиясын тәмамдаған соң қызмет етеді.

Қала атала бастаған Тоғай Торғай үлкен өңірдің сауда жасар, білім алар орталығы болды. Қалың елді мекеннен қаншама қашықта орналасқанымен мұнда жыл сайын үлкен жәрменке өтіп тұрды. Торғай жәрменкесіне, Яушевтер дүкендеріне алыс-жақын жерлерден келушілері көп болатын. Уезд бастығының Торғай облысының губернаторына жазған рапортында былай деп көрсетілген: «Торғай қаласында жәрменке ұйымдастыруда жергілікті қазақтар Сүйін Атабаев, Досжан Тоқтабаев, Мерғали Қошанов, Иман Шоқамановтар үлкен еңбек сіңірді. Олар көпестердің жол қаражатын өз есебінен бөлеп товар әкелуін қамтамасыз өтті. Жәрменке 1898 жылғы 25 мамырдан 10 маусым аралығында өтіп, сауда айналымы 500 мың сомға жетті» [6].

«Сәтбай салған қара жол» Селебе-Жаманқаладан шығып, Торғайды баса Сыр бой кенттеріне асатын. Көктем шыға Сыр бойы, Обаған асатын. Торғайға Ырғыздан пошта қатынады. Торғай телеграф сымдары арқылы Мәскеумен де тікелей байланысқа шығатын. Торғай пошта бөлімшесіндер Ырғызға телеграф сымдары арқылы байланысты ашу 1911 жылы рұқсат етілді де, сол жылы тамызда басталып та кетті. Торғай қазақтары өз қаражаттарын осы шараға жұмсап, өз бақылауына алды.

Досжан Тоқтабаев басқа ауқатты Торғай қазақтарымен бірге салынатын Торғай-Қостанай пошта трактасы бойынша Сары-Балқаш стансасын өз бақылауына алатынын мәлімдеген еді, бірақ өкінішке орай бірінші дүниежүзілік соғыс басталып кетіп, бұл іс кейінге ақыры қалдырылды.

Кәрім Тоқтабаевтың 1918 – 1919 жылдардағы қызметіне тоқталсақ, баршаға мәлім – 1918 жылы Торғай қаласында кеңес орнады, бұл істе басшылық жасаған белгілі революционерлер Ә. Жәнкелдин, Амангелді Иманов тағы басқа азаматтар. Осы аталған кісілермен бірге Кәрім Тоқтабаевта кеңес өкіметін қорғау және нығайту күресіне белсене араласты. 1918 жылы Кәрім алғашқы Торғай уездік кеңесіне мүше болып сайланды. Кәрім Тоқтабаевтың кезінде большевик Ә. Жанкелдиннің тапсырмасымен Орск маңында орналасқан Алаш жасақтарының штабына барады. Ахаңа оның серіктері М. Дулатұлы, М. Есполов, С. Кәрібаевтарға Жанкелдин тапсырмасын жеткізіп, келіссөз жүргізеді. Нәтижесінде Алаш жасақтары ақтардан қол үзіп, Торғайға қарай бет алады.

1919 жылы А. Иманов Торғай уезінің соғыс комиссарлығына сайланғанда К. Тоқтабаев оның орынбасары болып тағайындалады. 1919- 22 жылдары Ақмола, Қарқаралы, Семейде халық ағарту саласында қызмет атқарады [7].

Торғайда Кеңес билігі орнағанымен Қостанай мен Жаманқаладан (Орск) «Алаш» партиясы басшылығымен әскери жасақтар жабдықтала бастайды. Дегенмен, Қызыл армия жеңістері Алаш-орда үкіметін Кеңес өкіметінің жергілікті органдарымен келісімдер жүргізуге мәжбүр етеді. 1919 жылдың 3 қаңтарында Бүкілресейлік атқару комитеті тарапынан

алашордашыларға жасалған кешірімге орай Әлихан Бөкейханов бастаған Алаш көсімдері Кеңес өкіметімен келісімге келе бастайды. Осы сәт қызыл комиссар Әліби Жанкелдин Кәрім Тоқтабаевті Жаманқалаға алаштармен келісімге жұмсайды. «Алаштың» әскери құрамасын, қазақ офицерлерінен тысқары, әскери Кеңес төрағасы Мырзағазы Есполов басқаратын. Кеңес құрамында Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сейдәзім Кәдірбаев тағы басқалар болды. Кәрім Досжанұлы осы жолы торғайлық «Алаш» көсемдерімен етеле танысып, Ахаң-Жақанмен мәңгілікке достасады.

Кәрім Тоқтабаевтің негізгі мамандығы ұстаздық болатын. Еңбек жолын да ұстаздықтан бастап, Торғайдың негізін Ыбырай Алтынсарин қалаған мектебінде ұзақ жылдар мұғалім болды. Кәрімнің кәсіби мамандығын жоғары бағалаған Ә. Жанкелдин оған Ақмолаға уездік халық ағарту бөліміне меңгеруші болып баруға ұсыныс жасайды. Қызыл комиссар К. Тоқтабаевтің осында партия қатарына өтуіне кепілдік те береді. Кәрім Тоқтабаев 1921 жылы 19 желтоқсанда коммунистік партияға мүшелікке кандидат болып өтеді. 1922 жылдан партия мүшесі болған [8].

Кәрім Досжанұлы 1922 жылы Әліби Жанкелдин ұйымдастырған «Қызыл керуен» жорығына қатынасады. Керуеннің екінші кезегі Спасс – Қарағанды зауыттары мен Қарқаралы уездерін аралап, елді кеңестендіру туралы әңгімелер өткізеді. Керуен құрамында республиканың барлық халықтық комиссариаттарынан өкілдер болады, түрлі мамандар жүреді. Олар күйзелген халыққа қолма-қол көмек көрсетеді. «Қызыл керуеннің» белсенді мүшелерінің бірі Кәрім кеңестендіру жұмыстарын насихаттауда уәжді әңгіме, шешен тілімен ел құрметіне бөлінеді. «Қызыл керуен» артына ұмтылмастай із қалдырады.

1922 жылы Орынборда өткен III Бүкілқазақстандық Кеңестер съезіне Кәрім Тоқтабаев Семей губерниясынан делегат болып қатысады. Съезден кейін Кәрім Автономиялы Қазақ республикасының халық ағарту комиссариатына қызметке қалдырылады. 1924 жылы республика Жер шаруашылығы халық комиссариатына жұмысқа аааауысады. Комиссариатта К. Тоқтабаев комиссариаттың коллегия мүшелігіне кіріп, Жерге орналыстыру бас басқармасының бастығы болып тағайындалады.

1924 жылдың 4 қыркүйегінде жер шаруашылығы комиссариатының коллегия мәжілісі өтеді. Коллегияда Қостанай облысының №4 Арақарағай ауылы тұрғындарын байырғы, орын тепкен қоныстарынан көшіру мәселесі сөз болады. Қойылған желеулері: орман ішін қныстанған қазақтардың малы Арақарағайға жуын жеп, отап барады. Орманды қорғау қажет! Соған орайбайырғы тұрғындарды Арақарағай орманынан көшіру керек. Мәселені шешуге ол кезде коллегия мүшесі Кәрім Тоқтабаев қарсылық білдіріп, ойын ашық айтады:

«Көшірілмек тұрғындардың бәрі де жергілікті халықтар, олар басқа жақтан көшіп келгендер емес (не пришлые). Бұл мәселені тексерген арнайы комиссия алған ұсыныстарынан қайтуы керек...»

Осылайша К. Тоқтабаевтың батыл айтылған сөзі арқасында Арақарағай қазақтары атамекендерінде күні бүгінге дейін тұрып жатыр.

К. Д. Тоқтабаев 1925 жылдың қаңтар айында Семей губерниялық атқару комитетінің төрағалығына сайланады. Осы қызметте 1927 жылдың наурыз айына дейін істейді.

Сол жылдың наурызында Кәрім Досжанұлы Қызыл-Ордаға шақырылып, Республика халық комиссарлар Кеңесіне жұмысқа орналасады. Бір жылдай К. Тоқтабаев республика халық ағарту комиссары болып та істейді.

Кәрім Досжанұлы 1927 жылы Қазақ Автономиялы республикасының Жер шаруашылығы халық комиссары болып тағайындалады.

Торғай елі аштан қырылып жатты. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ калмасын» ұраны елді аштыққа әкелді. Шеткері, теміржол қатынасы жырақ елдің тұрғындары аштықтан тұрақты орындарын тастап босып кетті. 1924 жылы Кәрім Тоқтабаев Республика Жер шаруашылығы халық комиссариатының жерге орналастыру басқармасының бастығы болып, қызмет атқарған. Басқарма бастығы Кәрім Тоқтабаев аштықтан жұтап, елден босып шыққан ағайындарына Торғай уезінде Әуликөлдің ең шұрайлы жерінен жел бөліп беріп, артель ұйымдастырады. Босып келген торғайлықтардың басын құрап ұйымдастырған артель атын «Қосағал» деп атайды. Қосағал кәрім Досжанұлының арғы атасының аты. Торғайда осы аттас «Қосағал» зеңгірі бар. «Қосағал» артелине Кәрім Досжанұлының немере ағасы Батырхайыр Есжанұлы жетекшілік етеді. Артелге Торғай жақтан босып келген 514 жанның босыбірігеуі. Архив материалдарында 1 мамыр 1924 ж. Торғай

Уезінде «Қосағал» артелі ұйымдастырылып, 141 шаруашылық, 514 адамы болды. Осылайша, Кәрім Досжанұлы торғайлық аштан елде болған жерлестерін аман алып қалып, мал молданып, кейін жан-жанданына қамқор болған. Әуликөл жерінде «Қосағал» ауылдық округ атауы әлі бар. Әуликөлде әлі күнге көптеген жерлестерімізде салтанатты ғұмыр кешіп жатыр [8].

1933 жылғы 2 ақпанында Қазақ автономиялы республикасының Мәскеудегі өкілетті өкілі Кәрім Тоқтабаев Сібірдегі қазақ жолдамалы туралы республиканың бірінші хатшысы Голощекинге хат жолдайды. К. Тоқтабаев қан құйлы бірінші хатшыға хатында былай деп жазады:

«Жұмыс істейтін орындарына келген қазақ жұмыскерлері адам төзгесіз қиын жағдайға душар болып отыр. Оларға баспаны берілмеген, басқа жұмысшылар деңгейінде азық-түліктерін де ала-алмай отыр. «Сібір ағашы» тарапынан жасалып отырылған кісі төзгісіз жағдай саларынан күнбе-күн Мәскеуге ондаған қазақ жұмыскерлері, батырақтар ағылуда. Күн көрістік қаражаты жоқ олар ашығып, күйзеліс көруде, вокзалдары паналап, өз тұрақтарына жете алмай басып жүр...»

О. Исаевтың КК(б)П-ның I съезіндесөйлеген сөзінің біз К. Тоқтабаевқа қатысты келесі мағлұматты білеміз. «...Ал Кәрім Тоқтабаевқа келетін болсақ, Амангелді Имановты өлтіргені 1933 жылдың басында ғана ашылды. Тоқтабаевқа жәрдем етті деуі бекер. Тоқтабаев Голощекиннің ғана оң қолы болғаны рас. «Голощекиннің істеген ісіне мен айыпкерім, оны мойыныма

алам», - десем, оным қате болған болар еді, өзара сынға жатпаған болар еді. Тоқтабаев туралы оған жәрдем етті дегені түгел бекер...

...Кенжинді, Тоқтабаевты Исаев келді деп айта алмайды... [9]. Бұл сөздерімен Исаев айыпталған жолдастарынан өзі алыс екендігін, ал сонымен қатар ол кәрім Тоқтабаевқа Голощекинді қолдады деп айыптауы бекер еді. Өйткені, Тоқтабаев Қазақстанда өткізіліп жатқан саясат жөнінде наразы болды, оны ашық айтуға тырысты. Уақыт Исаевтың көзқарасын өзгертті десек қателіспейміз. Өйткені, Кәрім тоқтабаев саяси ағарту бөлімінің төрағасы болған кезінде Исаев оған жоғары баға берді және саяси ағарту бөлімінің жұмысын ілгері жылжытты деген пікір айтқан еді.

«...Қазіргі кезде саяси тұрақты, бұрын ұлтшылдықты мойындасада, өзі ісіне берік, қателіктерін мойындайды, жақсы ұйымдастырушы...» - деген РКП(б) обкомының хатшысы Коростелев 1922 жылы берген мінездемесінде осындай мағлұмат кездестіреміз [10].

1921-1922 жылдардағы Қазақстанды қамтыған жұттан Торғай елі тігерге тұяқсыз қалады. Міржақып Дулатов онда, Семейде губерниялық сотта қызмет атқаратын. Жақан бас болып, Жүсіпбек Аймауытовтай елге танымал қаламгер қостап, істің басы-қасында Кәрім Тоқтабаев жүріп Семей елінен Торғай жұртына деп жылу жинайды. Семейліктер 8575 ірі қара жинап береді. Сол малды Торғайға айдап әкеліп, үлестіріпберушілердің басы-қасында Жүсіпбек Аймауытовтың өзі болады. Республикалық «Еңбекшіл қазақтың» (бүгінгі «Егемен Қазақстан» газеті) 1922 жылғы 16 желтоқсандағы 76 санында Торғай облысы жұртшылығының аштан өлуге айналған бір қатар қазағын 8575 ірі қара мал жинап беріп ажалдан арашалап қалғаны үшін:

- Семей еліне алғыс айтамыз! – деп шын жүректен тербене жазады

А. Юсупов, Ә. Қасымұлы, К. Бүркітов, І. Бәйменов, П. Құлжанов сынды хабарға қол қойған торғайлық азаматтар [11].

Ғұмар Қадышев әкем айтып отырушы еді – деп, Кәрім Досжанұлы туралы мына жәйттарды атайды: -Кеңес өкіметінің Торғайдағы алғашқы жылдары Кәрім Тоқтабаев халықты азық түлікпен қамтамасыз етуде көп көмек көрсетті. Онда ол Атбасарда тұрып, қызмет істеді...

Шынында да К. Тоқтабаевтің 1919 жылы елдің барымта малы мен, басқалай тоналған шығынын қайтаруға Атбасарға аттанып, онда қызмет істеп тұрғаны рас. Оңтүстікке қарай жасаған ақгвардияшылардың шабулы мен барыматасына ұшыраған ел қатты қиындық шегеді. Еліміздің танымал азаматтары Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Ғапбас Тоқжанов, Міржақып Дулатовтармен хабарласып, ашыққан Торғай тұрғындарына көмек көрсетеді.

Ғұмар ағаның әкесі Қайым Мұхамедшәкірұлы Кәрім Досжанұлымен бір кездескенінде: «Торғайлықтардың қамқоршысына тағзым етемін, - деп сәлемдескені есінде қалыпты». Ғұмар аға хатында: «Кәрім аға аса кішіпейіл, алды кен жан еді», - деп жазып, К. Тоқтабаев республиканың халық ағарту комиссары болған аз ғана уақытта атқарған жұмыстарын еске алады. Қазақ, орыс, татар жігіттеріне бірдей қамқоршы болған бауырмалдығы да хатта

арнайы аталады. Кәрім Досжанұлының сол кездегі көмекшесі Серов деген орыс жігіті екен, атын ұмытыпты [12].

1931 жылы Кәрім Тоқтабаев Қазақстанның Бүкілодақтық атқару комитеті жанындағы тұрақты өкілі болып тағайындалып, Мәскеуге барады.

Эста Кәрімқызы әкесінің соңғы жылдары шешесі Мария Петровна Пашутина туралы естелік қалдырған. Кәрімнің жастайынан қосылған, айттырып алған жары қалады. Кәрім аға жер аударылғанда өзімен бірге Рәшид пен Қабиденді ала кетеді. Марғайша мен Мурат туыстарында қалады. Жасы қырықтан асқан, соңына ерткен екі ұлы бар жігіт ағасына Мария Пашутина ғашық болады. Онда Мәрия әжеміз не бәрі жиырмаға жана толған қыз екен. Пашутиндер әулеті білімдар да кішіпейіл, істе іскер күйеу балаларымен тез табысып кетеді. 1935 жылы дүниеге Эста келеді.

Ер жете келе Эста әке жолын қуып ұстаз болады. Кейін республика Білім министрлігінде істейді. Үкімет тарапынан марапатталып, кеудесіне орден де таққан. әкесінің соңғы күндері туралы Эста анасының айтуы бойынша былайша әңгімелейді: «1936 жылы Кәрім Тоқтабаев М. И. Калининнен хат алады. Бүкілодақтық староста болса әкеді Мәскеуге шақырыпты. Қуанышта шек болмайды. Көрдің бе, Мәрия, бұл менің ақ екендігімнің белгісі ғой. Біз ақталып, жақында Қазақстанға, елге барамыз, - деп шаттанды». Қуаныш ұзаққа созылмайды. Қолтығына сыздауық шығады. Дәрігерлер жарапы сылып тастау қажет деп, Кәрім ағаны шағын операцияға жатқызады. Бұған аға да қарсы болмайды. Дегенмен, Кәрім Досжанұлы сол операциядан қайта оянбайды. Кәрім Тоқтабаев осылайша қанылыста қаза табады.

Мария Петровна әжеміз Алматыда қайтыс болып, Кеңсайда жерленген. Басындағы көктаста «М.П.Пашутина – саяси құғын-сүргіннің құрбаны Кәрім Тоқтабаевтың зайыбы» деп жазылған [13].

Ақмолада, 1994 жылы елімізде Тың иегерудің 40 жылдығы салтанатпен аталып өтілді. Тың иегерушілер салтанатында сөйлеген сөзінде Республика Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Кәрім Тоқтабаевтың есіміне де арнайы тоқталды. Мұның өзі республикамыздағы тарихи тұлғалардың бірі Кәрім Тоқтабаевқа деген көпшіліктің қызығушылығын тудырады. Содан бастап, Кәрім Тоқтабаевтың қоғамдық саяси және мемлекеттік қызметі туралы тарихшы ғалымдардың ізденістері басталды. Бұл жұмысымыз көп ізденістің бастамасы болар. Кәрім Тоқтабаев туралы әлі күрделі еңбектер жазылатанына сенімдіміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Философия әлемі. М.,1991, 2т., 247 бетте.
2. Қозыбаев М. Тарих зердесі. Алматы, 2001, 102 бетте.
3. Нұрпейсов К. Алаш һәм Алаш Орда. А,1995.
4. ҚРОМА 27қ., 1т.,81 іс, 27 парақ.;ҚРОМА әғ Қ., «т., 3760 іс, 22парақ.,
5. Ламашев Ә. Ыбырай мектептерінің тарихынан Торғай таңы. 27.08.91. (3); Васильев А.В. Исторический очерк русского образования в Тургайской области и современное его состояние. Оренбург,1896.178 бетте.

6. Дулатов М. Шығармалары. А; 1991. 3 бетте.;ҚРОМА 25к, 1т.1375 іс,41п.; Обзоры Тургайской области 1894г, Оренбург,1895.61бетте.
7. ҚРОМА 25к, 1т., 1551 іс, 98,275 парақтар.
8. Абдуллин Ә. Торғайлық қос наркомның бірі //Торғай тынысы.21.05.91.
9. Гончарук.Л. Құжаттар топтамасы.// Тургайская новь.27.08.87.; Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938г.г. Сб.Док.-А.,1998г.,73-74 беттер;
10. Жангелдин аудандық мұражай қорынан.
11. Иманбекова Б. Нығымет Сырғабековтің әлеуметтік көзқарасы және мемлекеттік қызметі.-А.,1991жыл.
12. Еңбекшіл қазақ.1922 жыл.16.02.№76.
13. Дулатова Г. Ардақтап өтем әкемді. //Жұлдыз.1990жыл.; Тоқтабаева Ә. Әкемнің аруағына бас иемін.//Торғай тынысы.16.08.91.

САЯСИ ҚУҒЫН - СҮРГІН ҚҰРБАНЫ БОЛҒАН СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН

Жұмағалиев О.Ж.

*ШҚО, Семей қаласының «№8 жалпы орта білім беретін көркемдік -
эстетикалық білім және тәрбие беру мектеп - кешені» КММ*

XXI ғасырда тәуелсіз мемлекетіміздің егеменді ел болып отырғанда, қазақ жұртына есімдері тарихта беймәлім болып келген қазақ азаматтарының қайта оралуы мен жандануы халқымыздың сана - сезімін бір сілкіндіріп, рухани өмірінде серпін бергені ақиқат. Міне, сондықтан да біртуар қазақ зиялыларымыздың XX ғасырдың бірінші ширегінде өмір сүрген қазақ зиялыларының еңбектері мен туындыларын жан - жақты терең зерттеу, олардың әрқайсысын халық арасында насихаттау - бүгінгі күн тәртібінде тұрған көкейкесті мәселе болып табылады. [2,23 б].Саяси қуғынға ұшыраған қазақ зиялылары өздерінің білімділігі мен ізденістері нәтижесінде қазақ халқының әлеуметтік, оқу - ағарту тақырыбындағы еңбектерін туындауы сол кездің саясат пен қазақ халқының болашағына үміт артар шаралары негізінде жарық көріп отырған. С.Сейфуллиннің педагогикалық көзқарастары оның шығармаларында жарқын көрініс табады. Оның педагогикалық идеялары мен ағартушылық ойлары өмірге деген саяси - қоғамдық көзқарасынан туып, қалыптасқан. Ол бұл жағынан алғашқы ағартушы - демокарттар Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсариннің тікелей мұрагері, солардың ісін жалғастырушы ретінде көрінеді. Оның көркем туындылары ағартушылық идеялармен оқу - тәрбие мәселесімен орын алған [1,22 б].

С.Сейфуллин бұқара қараңғылықтан, езушіліктен алып шығудың тікелей жолы халықтың сауатын ашып, оларға білім беру деп түсінді. Ол өзінің күш - жігерін, творчестволық еңбегін халықтың білімін, мәдениетін көтеруге, жастарға білім, тәрбие беруге жұмсады. Сол уақыттағы оқып алудың қажеттігін ол өзінің көптеген өлеңдерінде бейнеледі. Жастарды оқуға, білім алуға шақырып қана қоймай, оларды өзі тікелей оқытып, тәрбиеледі де, ол оқу мен тәрбиенің өзара тікелей байланысты екенін түсіне білген. Ол сол